

Ресми рецензент доцент м.а., PhD Г.Р. Даутованың «6D020500 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Мұхан Ақтоты Жансұлтанқызының «Қазіргі қазақ қоғамындағы үйлену ғұрып фольклоры: жанрлық табиғаты, тарихи эволюциясы мен трансформациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ЖАЗБАША ШІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым	«Қазіргі қазақ қоғамындағы үйлену ғұрып фольклоры: жанрлық табиғаты, тарихи эволюциясы мен трансформациясы» тақырыбында жазылған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған: 1) Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы» (Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы). 2) «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы (2003 жылғы 16 сәуір). 3) Қазақстан Республикасы Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.

		<u>бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	«Қазіргі қазақ қоғамындағы үйлену ғұрып фольклоры: жанрлық табиғаты, тарихи эволюциясы мен трансформациясы» тақырыбында жазылған зерттеу жұмысы қазақтың үйлену ғұрып фольклорын ғылыми тұрғыда кешенді зерттеу арқылы фольклортану ғылымына елеулі үлес қосады. Біріншіден, үйлену ғұрып фольклоры алғаш рет жанрлық табиғаты, тарихи эволюциясы және қазіргі қоғамдағы трансформациясы тұрғысынан кешенді әрі жүйелі түрде қарастырылған. Екіншіден, бұрын ғылыми айналымға түспеген тың мәтіндер мен ел ішінен жиналған деректер алғаш рет ғылыми талдау нысанына алынып, отандық фольклортануға жаңа мазмұн қосты. Үшіншіден, зерттеуде салыстырмалы типологиялық әдістерді қолдану арқылы қазақ үйлену ғұрпы мен түркі және әлем халықтарының ұқсас дәстүрлері арасында параллельдер анықталып, фольклортанудың халықаралық аясын кеңейтті. Сонымен қатар, зерттеу дереккөздерінің сан алуандығы жұмыстың эмпирикалық және теориялық негізін нығайта түсті. Жинақтап айтқанда, диссертациялық жұмыс өзінің жаңашылдығы, тақырыпты терең меңгеруі және кең дереккөз базасына сүйенуі арқылы қазақ фольклортану ғылымына елеулі үлес қосатын іргелі еңбек болып табылады. Оның ғылыми маңыздылығы дәлелді түрде ашылған әрі заманауи мәдени процестермен тығыз байланыста қарастырылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертациялық жұмыстың жазу деңгейі жоғары деп бағаланады. Диссертанттың зерттеу тақырыбы бойынша жариялаған ғылыми мақалаларынан, диссертациялық жұмысынан да жазу деңгейінің жоғарылығы және өзіндік баяндау стилі анық байқалып тұр. Сонымен қатар диссертанттың тақырыптың зерттелуіне қатысты еңбектерге жасаған талдауларынан да жұмысты өзі жазу деңгейінің
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	

			жоғарылығы танылады. Ғылыми жұмыс бір қолдан шыққан, біртұтас жұмыс.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Зерттеу тақырыбының өзектілігі дәлелді негізделген. Диссертант қазақ қоғамында фольклорлық ғұрыптардың, соның ішінде үйлену салтының тәуелсіздік жылдарынан кейін жаңғыруы мен қазіргі заманда трансформациялану ерекшеліктерін көрсетіп, оны жаңа ғылыми парадигмада қарастыру қажеттігін нақтылайды. Сонымен қатар түркі халықтарымен салыстыру арқылы зерттеудің ауқымы кеңейтіліп, өзектілігі арта түскен. Кеңестік дәуірде көмескіленіп, тыйым салынған сынсу, жар-жар, беташар, құда түсу, қыз ұзату сияқты дәстүрлер тәуелсіздік жылдарынан бастап халық арасында қайта жаңғырып, жаңа мазмұнда қолданысқа енді. Бұл құбылыс фольклордың тек эстетикалық ғана емес, әлеуметтік, тәрбиелік, рухани қызметтерін де қайтадан белсенді етті. Сондықтан да үйлену ғұрып фольклорының жанрлық табиғаты мен қазіргі трансформациясын ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттеу – фольклортану ғылымының маңызды, әрі уақыт талабына сай өзекті бағыты болып табылады. Диссертацияда бұл мәселе теориялық, тарихи және практикалық тұрғыдан кешенді түрде қарастырылып, оның ғылыми және мәдени маңыздылығы жан-жақты негізделген (7-10 б.).
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбының мәнін толық айқындайды және ғылыми өзектілігі мен зерттеу міндеттеріне толық сәйкес келеді. Жұмыста қазақтың үйлену ғұрып фольклоры жан-жақты талданып, оның жанрлық табиғаты, тарихи қалыптасу жолдары және қазіргі заманға бейімделу үдерістері теориялық және практикалық тұрғыда негізделген. Сонымен қатар, үйлену салтына қатысты поэтикалық мәтіндер мен ғұрыптық рәсімдердің өзара байланысы, түркі халықтарымен типологиялық үндестігі және аймақтық ерекшеліктері нақты деректер мен салыстырмалы талдаулар арқылы дәйектелген. Эмпирикалық материалдар мен сауалнама нәтижелері де зерттеу аясын кеңейтіп, тақырыптың бүгінгі қоғамдағы маңызын айқындай түседі. Сондықтан да диссертацияның құрылымы мен мазмұны таңдалған
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	

			тақырыпты ғылыми тұрғыда толық ашуға бағытталған және зерттеу нысанына сай келеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері тақырыптың мазмұнына толық сәйкес келеді. Жұмыстың негізгі мақсаты – қазақтың үйлену ғұрып фольклорының жанрлық табиғатын анықтап, тарихи қалыптасу жолдары мен қазіргі заманғы трансформация үдерістерін кешенді түрде саралау болса, осы мақсат аясында қойылған міндеттер де нақты әрі жүйелі түрде белгіленген. Атап айтқанда, фольклорлық жанрлардың (сыңсу, жар-жар, беташар, т.б.) табиғатын анықтау, олардың этнографиялық негіздерін ашу, түркі халықтарымен типологиялық байланыстарын салыстыру, ғұрып пен көркем мәтіннің өзара байланысын талдау және қазіргі қолданылу ерекшеліктерін көрсету секілді міндеттер, тақырыпты терең әрі жан-жақты ашуға бағытталған. Осылайша, диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттер тақырыппен тікелей сабақтасып, ғылыми тұтастық пен қисынды құрылым сақталған.
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертациялық жұмыста диссертант аталған бөлімдерді өзара жүйелі түрде байланыстырған. Зерттеу өзектілігі мен мақсаты нақты айқындалған және олардан туындайтын ғылыми міндеттер мазмұндық тұрғыда тараулармен толық сәйкестендірілген. Атап айтқанда, бірінші бөлімде (16-23 бб.) дәстүрлі қазақ үйлену ғұрып фольклорының жанрлық табиғаты мен тарихи эволюциясы, этнографиялық бастаулары, құдалық, ұрын бару және қыз ұзату рәсімдеріне қатысты мәтіндік үлгілер мен аймақтық ерекшеліктері жан-жақты сараланған. Ал екінші бөлімде үйлену ғұрып фольклоры жанрларының (сыңсу, жар-жар, беташар, тойбастар) поэтикалық құрылымы, бейнелілік жүйесі мен заманауи трансформациясы, сондай-ақ олардың қазіргі әлеуметтік қызметі мен фольклорлық-функционалдық сипаттары терең талданған (127-165 бб.). Әдіснамалық негіздер мен дереккөздер ғылыми аппараты ретінде жұмыстың теориялық әрі практикалық мазмұнын дәйектей түседі. Қорытынды да қойылған мақсат-міндеттермен
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	

			логикалық сабақтастықта беріліп, зерттеудің ғылыми тұтастығын дәлелдейді. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері бір-бірімен логикалық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Мұхан Ақтоты Жансұлтанқызының өзіндік пікірін білдіретін сыни талдаулар бар. Автор ұсынған жаңа ғылыми шешімдер мен қағидаттар бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырылып, нақты сыни талдау арқылы дәйектелген. Мәселен, қазақтың дәстүрлі құдалық, ұрын бару, қыз ұзату секілді ғұрыптық мәтіндері бурят, башқұрт, өзбек, азербайжан, қарақалпақ халықтарының этнографиялық дәстүрлерімен салыстырылып, құдалықты бекітуге қатысты наным-сенімдер мен рәсімдік элементтердің ортақ инварианттары мен ерекшеліктері талданған (17-25). Сонымен қатар, автор сыңсу, жар-жар, беташар жанрларының бүгінгі трансформациялық сипаттарын сипаттап қана қоймай, олардың поэтикалық құрылымындағы өзгерістерге ғылыми көзқарас білдіреді. Мысалы, сыңсу жанрының әлеуметтік желілерде қолданылуы мен мәтіндік жаңаруы заманауи фольклорлық құбылыс ретінде бағаланған. Бұдан бөлек, бата аяқ, күйрық-бауыр, ұрын той секілді дәстүрлердің символдық, мифологиялық астарлары да (21–23 бб., 133–135 бб.) ғылыми және салыстырмалы талдауға түскен. Автор бұл тұжырымдарды М. Әуезов, С. Қасқабасов, Х. Арғынбаев, Н. Кисляков сынды ғалымдардың зерттеулерімен салыстыра отырып пайымдап, өзіндік ғылыми ұстаным ұсынады.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу жұмысында ұсынылған нәтижелер мен тұжырымдар толығымен жаңа. Бұдан бұрын ғылыми айналымға түспеген мәтіндерге жасалған талдаулар (12-б.), Google сауалнамалары нәтижелерін қолдану (14-б.), сонымен қатар үйлену ғұрып фольклоры жанрларының (мысалы, сыңсу, беташар) қазіргі трансформациялық сипатына қатысты тұжырымдар (133–135 бб.) диссертацияға жаңа сипат береді. Үйлену ғұрып фольклоры тақырыбына тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде жекелеген мақалалар түрінде талданғанымен, PhD докторлық
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			диссертациялық деңгейінде алғаш рет кешенді әрі жүйелі түрде зерттеліп отырғаны да жұмыстың ғылыми маңызын арттыра түседі.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Ғылыми жұмыста алынған жеті қорытынды толығымен жаңа.
		1) толығымен жаңа;	<i>Бірінші қорытынды тұжырым – жаңа.</i> Бұл қорытындыда үйлену фольклорының тек көркем мәтіндер жиынтығы емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымдық жүйесін, әлеуметтік қатынасын, моральдық-этикалық ұстанымдарын сақтаушы синкретті құбылыс екені алғаш рет жүйелі түрде дәйектеледі (13-14 бб.). <i>Екінші қорытынды тұжырым – жаңа.</i> Автор фольклордың ғұрыпты сүйемелдеуші қызметін көрсете отырып, оның дәстүрлі мәдениеттің мәйекті өзегі ретіндегі рөлін нақтылайды. Синкретизм ұғымы ғылыми негізде дәлелденіп, талданады (17-18 бб.) <i>Үшінші қорытынды тұжырым – жаңа.</i> Зерттеуде дәстүрлі дүниетанымдағы «үш әлем» концепциясы (жоғарғы, ортаңғы және төменгі әлем) қазақ үйлену ғұрып фольклорында қалай бейнеленетіндігі терең пайымдалған. Автор бұл түсінікті өтпелі ғұрыптар теориясы (Арнольд ван Геннеп) негізінде талдап, адамның дүниеге келуі – жоғары әлемнен ортаңғы әлемге түсу, ал қыздың ұзатылуы – бір рудан екінші руға өту, адамның қайтыс болуы – төменгі әлемге ауысу деген көне мифологиялық пайыммен ұштастырады. Үйлену үш әлемнің арасындағы өтпелі кезең ретінде қабылданып, ол фольклорлық мәтіндерде, салттық іс-әрекеттерде және символдық элементтерде (мысалы, құда түсу рәсімдеріндегі қан араластыру, жебе, ақ түс символикасы) айқын көрініс табады. Бұл тұжырым дәстүрлі ғұрыптардың онтологиялық мағынасын жаңаша пайымдауға жол ашады және қазақ фольклортануында сирек көтерілген тақырыптардың бірі ретінде ерекше ғылыми жаңалыққа ие. <i>Төртінші қорытынды тұжырым – жаңа.</i> Жанрлардың (сыңсу, жар-жар, беташар) көркемдік ерекшеліктері ежелгі мифтік дүниетаныммен байланыста қарастырылады. Бұл бағытта көркемдік тәсілдердің (метафора, символ, параллелизм) генезисі берілген (92-б.).
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			<i>Бесінші қорытынды тұжырым – жаңа.</i> Сыңсу жанрының қазіргі заманғы формасы дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысқан трансформациялық көрінісі ретінде зерттеліп, бұрын ғылыми тұрғыдан арнайы талданбаған бағытта қарастырылған. Автор сыңсудың бүгінгі әлеуметтік желілердегі (YouTube, TikTok, Instagram) орындалу нұсқаларын, орындаушылардың (кәсіби асабалар, жеңгелер, тіпті келіннің өзі) типологиясын талдай отырып, бұл жанрдың заманауи қолданыста бастапқы ғұрыптық функциядан ішінара ажырап, эмоционалдық-лирикалық мазмұнының артқанын дәлелдейді. Сонымен қатар диссертацияда сыңсу мәтіндерінің көркемдік жүйесі ретінде авторлық элементтер, прагматикалық стиль, интонациялық құрылым тұрғысынан сараланып, дәстүрлі үлгілермен салыстырылған (157, 160 бб.). Жаңа үлгілерде лирикалық монолог, ата-анамен қоштасу, туған үйге сағыныш сынды мотивтер басымдыққа ие екені көрсетіледі. Бұл фольклордың заманауи медиакөңістіктегі бейімделуі мен дербестенуін сипаттайтын тың ғылыми жаңалық болып табылады (167-бет). Осылайша, автор сыңсуды фольклорлық мәтін ретінде ғана емес, қазіргі қазақ қоғамының эмоционалдық және әлеуметтік көрінісі ретінде қарастырып, оның жаңа мәдени мағынасын айқындаған. <i>Алтыншы қорытынды тұжырым – жаңа.</i> Қазіргі беташар жанры диссертациялық зерттеуде дәстүрлі ғұрыптық контекстен ішінара ажыраған, бірақ сонымен қатар заманауи поэтикалық формада қайта жанданған көркем мәтін ретінде қарастырылады. Автор беташардың классикалық үлгілерінен (келінді таныстыру, ата-енеге сәлем салдыру, туыстық құрылымды білдіру) бастап, қазіргі орындау тәсілдеріне дейінгі эволюциясын сипаттайды. Әсіресе, асаба жүргізетін беташарлар бұрынғы фольклорлық рөлінен ауытқып, көбіне ойын-сауықтық, тіпті шоу сипаттағы көрініске айналғаны атап көрсетілген. Беташар жанрында ақындық импровизация, қалжың элементтері, заман рухына сай бейімделген мәтіндер кең қолданысқа енгені зерттеу барысында нақты мысалдармен дәлелденген (167-б.). Автор өзгерістерді фольклордың трансформациялық табиғаты тұрғысынан бағалап,
--	--	--	--

			беташар жанрының қазіргі көркемдік қызметін ұлттық бірегейлік пен отбасылық құрылымды насихаттаушы құрал ретінде жаңа қырынан сипаттайды. Бұл аспект бұрын тек этнографиялық сипатта қарастырылып келсе, диссертацияда ол поэтикалық құрылым, мазмұндық жаңару және функционалдық бейімделу негізінде терең сараланған. <i>Жетінші қорытынды тұжырым – жаңа.</i> Зерттеу жұмысында қазақтың үйлену ғұрып фольклоры тек тарихи-этнографиялық мұра ретінде емес, қазіргі қоғамда белсенді қызмет атқарып отырған өміршең мәдени феномен ретінде бағаланады. Автор жанрдың ғасырлар бойы жинақталған фольклорлық құрылымының бүгінгі әлеуметтік ортада ұлттық сәйкестік пен отбасылық институтты нығайтушы құрал ретінде өзектілігін сақтап отырғанын нақты мысалдармен көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеуде үйлену ғұрып фольклорының жастар арасындағы жаңаша қабылдану формалары, әлеуметтік медиа арқылы таралуы және қазіргі салт-дәстүр кеңістігіндегі рөлі де жан-жақты сараланған (167-168 б.).
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Иә, жаңа және негізделген деп санауға болады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар	Зерттеу жұмысында ұсынылған барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдермен негізделген. Әрбір тұжырым нақты фольклорлық мәтіндермен, этнографиялық және мифологиялық деректермен, сондай-ақ заманауи сауалнама нәтижелері мен салыстырмалы талдаулармен дәйектелген. Мәселен, сыңсу мен беташар жанрларына қатысты трансформациялық процестер нақты мәтіндік мысалдармен және респонденттік деректермен дәлелденген (57-168б.); үш әлем

		бойынша даярлық бағыттары үшін).	тұжырымдамасы мен өтпелі ғұрыптар теориясы ғылыми негізде талданған (169-б.). Сонымен қатар, этнографиялық параллелдер (түркі халықтары мен өзге этностармен салыстырулар) ұсынылған (18-21б.). Осындай жан-жақты дәлелдемелерге сүйене отырып жасалған тұжырымдар зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі мен сенімділігін күшейтеді, әрі жұмыстың ғылыми құндылығын айқындай түседі.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	<i>Бірінші қағидат</i> ғылыми тұрғыдан нақты дәлелденген, себебі автор үйлену ғұрып фольклорының құрылымын этнографиялық, мифологиялық және көркемдік тұрғыдан жан-жақты саралап, оның синкретті жанр ретіндегі табиғатын нақты деректермен негіздеген. Сонымен қатар, тұжырым тривиалды емес, өйткені ол жанрды тек дәстүрлі сипатта танытумен шектелмей, оның көпқабатты мазмұнын, функциялық аясын, дәстүрлі дүниетаныммен байланысын ғылыми жүйеде ашып көрсетеді. Бұл бағыт фольклортану ғылымында кеңінен таралған емес, сондықтан бұл тұжырым ішінара жаңалық ретінде бағаланады. Дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген. <i>Екінші қағидат</i> диссертацияда нақты мысалдармен дәлелденген, себебі автор ғұрып пен фольклордың өзара байланысын сыңсу, жар-жар, беташар сияқты жанрлар арқылы талдап, олардың ғұрыптық рөлін нақты мәтіндер мен орындау жағдайларына сүйене отырып негіздейді. Тұжырым тривиалды емес, өйткені фольклордың ғұрыпты тек көркем безендіруші емес, сүйемелдеуші және белсенді атқарушы ретінде қарастырылуы фольклордың функционалдық табиғатын тереңірек пайымдауға жол ашады. Сонымен қатар, бұл тұжырым жаңа, себебі бұған дейін жекелеген фольклорлық жанрлар сипатталғанымен, олардың ғұрыппен тұтастықтағы қызметі диссертацияда алғаш рет жүйелі түрде сараланған. Дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген. <i>Үшінші қағидат</i> ғылыми тұрғыдан дәлелденген, себебі автор дәстүрлі дүниетанымдағы үш әлем моделін (жоғарғы, ортаңғы,
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді;	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	

		3) кең	төменгі) қазақ халқының өмірлік кезеңдеріне қатысты ғұрыптармен байланыстыра отырып, нақты этнографиялық және мифологиялық негіздермен түсіндіреді. Тұжырым тривиалды емес, өйткені ол ғұрыптық әрекеттер мен фольклорлық символиканың астарында жатқан терең космогоникалық және онтологиялық мазмұнды ашып көрсетеді. Сонымен қатар, бұл тұжырым жаңа, себебі үш әлем түсінігі антропологиялық еңбектерде кездескенімен, оның қазақ үйлену ғұрып фольклоры арқылы осылайша жүйелі және символикалық тұрғыда саралануы осы диссертациялық зерттеуде алғаш рет ұсынылып отыр. Дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген. <i>Төртінші қағидат</i> ғылыми тұрғыдан дәлелденген, өйткені автор сыңсу, беташар, жар-жар жанрларының поэтикалық құрылымындағы мифтік белгілерді, образдық жүйе мен дәстүрлі символиканы нақты мәтіндер арқылы дәлелдеп көрсетеді. Тұжырым тривиалды емес, себебі ол тек поэтикалық формаларды сипаттаумен шектелмей, олардың генетикалық негіздерін мифтік сана мен этнографиялық типологиямен байланысын ашып көрсетеді. Бұл фольклортануда сирек қолданылатын интегративті тәсіл. Дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген. <i>Бесінші қағидат</i> нақты және ғылыми негізде дәлелденген, өйткені автор сыңсу жанрының қазіргі әлеуметтік желідегі формаларын, орындаушылар типологиясын, мәтін құрылымындағы жаңа элементтерді жан-жақты мәтіндік және контекстуалдық талдау арқылы дәлелдеген. Тұжырым тривиалды емес, себебі сыңсуға қатысты зерттеулерде көбіне оның дәстүрлі үлгілері қарастырылса, диссертацияда бұл жанрдың заманауи фольклорлық кеңістіктегі трансформациясы мен бейімделуі тың қырынан сипатталған. Сонымен қатар, тұжырым жаңа болып табылады, өйткені әлеуметтік желідегі сыңсулардың көркемдік сипаты, эмоционалдық функциясы мен қазіргі тұрмыстық қолданыстағы рөлі бұрын арнайы зерттеу нысанына алынбаған және бұл аспект алғаш рет жүйелі түрде талданған. Дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

			<i>Алтыншы қағидат</i> диссертацияда нақты мысалдармен дәлелденген, өйткені автор беташар жанрының қазіргі мәтіндеріндегі көркемдік элементтер мен ғұрыптық қызметінің өзгеруін егжей-тегжейлі талдайды. Автор қазіргі беташардың орындау формаларында асабалық стиль, импровизация, әзіл элементтері мен шоу сипаттағы құрылым басым екенін нақты мәтіндермен көрсетеді. Бұл тұжырым тривиалды емес, өйткені ол жанрдың мазмұндық жаңаруын ғана емес, оның әлеуметтік функциясының ауысуын да фольклортанулық тұрғыда пайымдайды. Сонымен қатар, тұжырым жаңа, себебі беташардың дәстүрлі және қазіргі үлгілерін салыстыра отырып, оны поэтикалық формада жүйелі түрде зерттеу және оның жаңа мәдени контексте атқаратын қызметін сипаттау бұрын кең талданбаған мәселелердің бірі болып табылады. <i>Жетінші қағидат</i> диссертацияда толық негізделген, себебі автор үйлену ғұрып фольклорының тарихи даму жолын түркі халықтарының фольклорымен салыстыра отырып, оның бүгінгі қоғамдағы қызметін нақты мысалдар арқылы дәлелдеген. Тұжырым тривиалды емес, өйткені ол жанрды тек этнографиялық мұра ретінде емес, қазіргі жастар өмірінде ұлттық құндылық ретінде бейімделіп, қолданылып отырған мәдени феномен ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, бұл тұжырым жаңа, себебі үйлену ғұрып фольклорының бүгінгі әлеуметтік рөлі мен жастар арасындағы жаңаша қабылдануы ғылыми еңбектерде сирек қарастырылған және осы диссертациялық жұмыста алғаш рет ұлттық сана мен мәдени сабақтастық контекстінде жүйелі түрде сараланған.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық негізі нақты көрсетіліп, ғылыми мақсат пен міндеттерге сай негізделген. Зерттеу жұмыста бақылау, сипаттау, талдау, синтездеу, жалпылау сынды жалпы ғылыми тәсілдермен қатар, тарихи-генетикалық, тарихи-типологиялық салыстырмалы әдістер жүйелі түрде қолданылған. Сонымен қатар, эмпирикалық деректерге сүйенген онлайн сауалнама нәтижелері сандық өңдеуден өткізіліп, визуализация әдістерімен талданған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Зерттеу жұмысының нәтижелерін шығаруда, компьютерлік технологияларды қолдану арқылы, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістеріне сүйене отырып, деректерді цифрлық өңдеу және интерпретациялау тәсілдерімен алынған. Нақтырақ айтқанда, онлайн сауалнама (Google Forms) жүргізіліп, алынған мәліметтер Microsoft Excel бағдарламасында өңделіп, дөңгелек диаграммалар арқылы визуализацияланған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеу жұмысы барысында ұсынылған теориялық қорытындылар, анықталған фольклорлық жанрлар арасындағы өзара байланыстар мен олардың тарихи-эволюциялық заңдылықтары нақты эмпирикалық материалдар негізінде дәлелденіп, 1202 респондент қатысқан онлайн сауалнама нәтижелерімен расталды (11-13б.). Үйлену ғұрып фольклорының дәстүрлі және қазіргі трансформацияланған формалары арасындағы байланыс, сондай-ақ «сыңсу», «беташар», «жар-жар» секілді жанрлардағы бейнелілік пен мағыналық өзгерістер нақты мысалдармен сараланып (16-22 б.), олардың халық дүниетанымындағы қызметі негізделді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеу жұмысын жазу барысында тақырыпқа қатысты бұрын жарыққа шыққан ғылыми сенімді еңбектерге, монография, ғылыми мақалалар, конференция материалдарының жарияланымдары талданып, сілтеме берілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертанттың зерттеу тақырыбы бойынша көптеген зерттеулерге шолу жасағандығына 136 дереккөз пайдаланғандығы дәлел бола алады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Зерттеу жұмысының теориялық маңызы үйлену ғұрып фольклорын фольклортану ғылымы тұрғысынан тұңғыш рет жанрлық-құрылымдық, поэтикалық және тарихи трансформациялық
		1) бар;	

		2) жоқ.	тұрғыдан кешенді зерттеуімен ерекшеленеді. Зерттеуде үйлену ғұрпы мен фольклордың арақатынасы, рәсімдік поэтиканың типологиясы, түркі халықтарымен салыстырмалы аспектілері кеңінен талданып, отандық фольклортануға жаңа теориялық тұжырымдар мен әдіснамалық негіздер қосылды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертацияның практикалық маңызы бар. Зерттеу нәтижелерін фольклортану пәні бойынша жоғары оқу орындарындағы арнайы курстар мен семинар сабақтарында, сондай-ақ халық ауыз әдебиеті, этнография және мәдениеттану салаларында қолдану мүмкіндігі жоғары. Сонымен қатар жұмыста жинақталған материалдар мен тұжырымдар фольклорлық мәтіндерді оқытуда, дәстүрлі мәдени мұраны насихаттауда, қазіргі ғұрыптық рәсімдерді ғылыми негіздеуде пайдалы көмекші құрал ретінде қызмет ете алады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациялық жұмыста ұсынылған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Үйлену ғұрып фольклорының заманауи трансформациясын эмпирикалық деректер арқылы саралап, оның қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-мәдени қызметтерін айқындауға бағытталған тәсілдер мен интерпретациялар фольклортануда бұрын-соңды арнайы қарастырылмаған тың бағыттарды ұсынады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылған талаптарға сай жазылған. Диссертацияның жазылу стилі әдеби тіл нормаларына сәйкес келеді.
		Академиялық жазу сапасы:	
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
11.	Диссертацияға ескертулер	4) төмен.	Диссертация мазмұнымен, ұсынылған тұжырымдармен, олардың дәлелдемелерімен танысып, зерделеуде менің тарапымнан арнайы ескерту жасайтындай кемшілік кездеспеді. <i>Ұсыныс:</i> Болашақта «Сыңсу», «Беташар», «Жар-жар» сияқты үйлену ғұрып фольклоры жанрларының мәтіндерін, олардың аудио және бейне үлгілерін жинақтап, цифрлық архив құрса жұмыстың құндылығын арттыра түсер еді..

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Ізденушінің диссертация тақырыбы бойынша 10 жарияланым бар. Оның ішінде 1 ғылыми мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда, 4 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 5 мақала халықаралық конференция жинақтарында жарық көрген. Әр жарияланымның ғылыми деңгейі жоғары.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Мұхан Ақтоты Жансұлтанқызына «6D020500-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.

1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Мұхан Ақтоты Жансұлтанқызына «6D020500-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы өтініш білдіру:

- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Мұхан Ақтоты Жансұлтанқызының «Қазіргі қазақ қоғамындағы үйлену ғұрып фольклоры: жанрлық табиғаты, тарихи эволюциясы мен трансформациясы» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, қорғауға ұсынуға лайық жұмыс деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доцент м.а., PhD доктор

